

## Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының және Глубокое ауданының шекараларын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 149 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 01 шілдедегі № 29/354-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 шілдеде № 4029 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 2)-тармақшасына сәйкес және "Өскемен қаласының әкімшілік шекарасын өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 556 қаулысының негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы шешімге және қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Ушаново ауылдық округінің Комсомольское ауылының жалпы алаңы 334 гектар, оның ішінде 63 гектар елді мекендердің жері, 22,94 гектар өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер, 91,59 гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, 156,47 гектар босалқы жерлерді Өскемен қаласының шегіне берумен Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының және Глубокое ауданының шекаралары өзгертілсін.

2. Өскемен қаласының және Глубокое ауданының әкімдері жер–есебі құжаттарына тиісті өзгерістер енгізісін.

3. Осы шешім және қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Н. Омаров*

*Облыстық мәслихат*

*хатшысы Г. Пинчук*

*Облыс әкімі*

*Д. Ахметов*

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің  
2015 жылғы " 22 " маусымдағы  
№ 149 қаулысына  
қосымша  
Шығыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының  
2015 жылғы " 1 " шілдедегі  
№ 29/354-V шешіміне  
қосымша

## Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы жерінің Өскемен қаласының шегіне қосылатын бөлігінің экспликациясы

Аудан атауы	А у ы л атауы	Өскемен қаласының шегіне қосылатын жерлер алаңы (гектар)	оның ішінде:			
			Е л д і мекендердің (жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарышқызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	а у ы л шаруашылығы мақсатындағы жерлер	босалқы жерлер
Глубокое	Ушаново ауылдық округінің Комсомольское ауылы	334	63	22,94	91,59	156,47
Барлық жерлер:		334				